



АҒАЙЫНДЫ ҚАСЫМ МЕН ЖОМАРТ – ӘСКЕРДЕ



Отан – асыл ұғым. Ол отбасынан басталып, тұтас бір мемлекетті жұмылдырып тұрған ұлы күш. Еліміздің әрбір азаматы «Отан» деген ұғымның оттан да ыстық қасиетіне бас иіп, оған адал қызмет етуге борышты. Осы жолда қайтпас қайсарлық пен айнымас шыдамдылық таныта білетін, ары мен намысын жоғары қоятын ұрпақ тәрбиелеу абыройлы іс болмақ.

Жамал МҰҚЫШЕВА,
Орал

Азаттықты аңсаған ата-бабаларымыз талай шайқас, қан майданның тезінен өтіп, ұрпағына ұлан байтақ жерді аманат етті. Жас ұрпаққа ғасырлар бойы ата-бабаларымыз қорғаған атамекенді көздің қарашығындай сақтау өсиет етілген.

Тәуелсіздігіміз тамырын тереңге, қанатын кеңге жайған заманда әскерге аттанған азамат-бақытты сарбаз! Азат сана, жасын жігер, тайсалмас табандылық – бүгінгі таңдағы сарбаздарға тән қасиет. Әр ғасырдың өз талабы, өз даралығы бар. Бүгінде сарбаздар елі мен жерін қылыштың жүзімен емес, Отанға адал қызмет ете жүріп, қорғайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан әскері қатарында бірқатар жастар әскери борыштарын өтеп жүр. Барлығының жүректеріндегі айқын мақсат біреу, ол – Отанын қорғау, берген әскери анттына адал болу.

Ұлттық ұланның Орал шаһарында орналасқан №5517 әскери бөлімінде еліміздің түкпір-түкпірінен шақырылған сарбаздар әскери борыштарын өтеуде. Олардың негізгі жауынгерлік тапсырмасы қала көшелеріндегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен түзеу мекемелерін күзету секілді өздеріне сеніп тапсырылған міндеттерді абыроймен атқаруда.

Осындай озат сарбаздардың қатарында Отан алдындағы әскери борыштарын адал атқарып жүрген ағайынды бауырлар, қатардағы Қасым мен Жомарт Орынтаевтарды мақтанышпен айтуға болады.

Егіздер әскер қатарына Алматы облысынан 2019 жылдың қаз айында шақырылды.

Қасым мен Жомарт 2001 жылы 7 маусымда Алматы облысы Іле ауданы Ақши ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген. Ағайынды Қасым мен Жомарт көп балалы отбасында дүниеге келгендіктен, көпшіл, тәртіпті, бауыр-

мал болып өсті. Екеуі де бала күнінен әкесі Мұратжан және анасы Гүлбануға көмектесіп, үй шаруасына жастайынан араласа бастады. Үй жұмысына, шаруаға пысық болып өсті.

Егіздер 2007 жылы 1 қыркүйекте мектеп табалдырығын аттап, 1 – сыныпқа қабылданды. Мектепті екеуі де жақсы деген бағаға бітіріп, әскери комисариаттан жолдама алады. Осылайша Орынтай әулетінің қос кенжесі Қасым мен Жомарт 2019 жылдың маусым айында Отан алдындағы борышын өтеу үшін №5517 әскери бөліміне шақыртылады.

Әскерге барып, Отан алдындағы борышын өтеу Қасым мен Жомарттың бала күніндегі армандарының бірі еді. Осы арманға жету үшін олар денелерін шынықтырып, жүгіріп, белтемірге (турник) тартылуға үйренеді. Ағайынды Орынтаевтар әскери қызметтің алғашқы күндерінен бастап жауынгерлік өмірдің қыр-сырын үйренуге зор ынтымақпен кірісті. Отанға деген патриоттық сезімімен қарулас достарына үлгі бола білді. Жүктелген міндеттерді атқару кезінде олар өзін белсенді, жауапты азамат ретінде көрсетті. Сөзі мен ісі қабисқан еңбекқор егіздер жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындық сабақтарында командирлерінен үйренген білімдерін қызмет барысында дұрыс қолдана білді. Жауынгерлік дайындық нормативтерін әрдайым ең үздік бағаларға орындайды. Өздеріне сеніп тапсырылған қарудың құрылымын, тактика-техникалық сипаттамасын, қызмет көрсету тәртібін жетік меңгеріп, атыс даярлығында үздік нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Бүгінгі таңда ағайындылар байланыс торабында кезекші радиотелеграфист міндетін атқаруда. Жомарт жауынгерлік қызметке таңда түссе, Қасым қызметін түнгі ауысымда жалғастырады. Тәлімгерлері – лейтенант Қожамұрат Абай, ефрейтор

Самиғолла Эльдардың үйренкелерін қағып алып, оны іс жүзіне қолданып жүр.

Жауынгерлік кезекшілікте әрдайым қырағылық танытып, әскери міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарғаны үшін ағайындылар бірнеше рет марапатталды. Қасым мен Жомарттың ендігі мақсаты – Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, өзінің ата-анасының, бауырларының, достарының арасына аман – есен оралу.

– Әскерге келгенім үшін қуанамын. Әскерге бару арқылы бағым жанды десем де болады. Айбынды армия қатарында борышымды өтеп, жақсы жағынан танылуым – әскердегі тәртіп пен тәрбиенің арқасы. Бұл жерде үйдегідей еркіндік жоқ. Әрбір ісіңе жауапкершілікпен қарайсың. Жалпы, әскери өмірді көру, жалал тәртіпті бастан өткеру әрбір жас жігітке шыңдалу үшін қажет. Отан алдындағы әскери парызымды аман-есен атқарып, елге оралған соң полиция құрамында қызмет еткім келеді, – дейді Қасым.

– Жас күнімнен спортты жаным серік еттім. Сондықтан болар, әскер қатарындағы жаттығулар мен үшін аса қиындық туғызған жоқ. Көрсеткіштерім де жаман емес. Сол үшін марапат та алдым. Әскердегі күндер – өмір мектебі. Ол кешегі ата-анасының жанында болып, ешқашан қиындық көрмей келген бозбаланы ширатады, шыңдайды, өз бетінше өмір сүруге тәрбиелейді. Қазіргі таңда жауынгерлерге бар жағдай жасалған, – дейді Жомарт.

Расында да, Жомарт жас күнінен футболмен айналысады. Мектеп қабырғасында жүргенде талай жарыстарға қатысып, жүлделі орындардан көрінген. Әскерден кейін спорт әлемінде еліміздің көк байрағын желбіретіп, Мемлекеттік Әнұранды өзге ұлт өкілдеріне тыңдасам деп армандайды.



2-бет

ҚР Президенті: Ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады

Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Бұл туралы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында айтты.



3-бет

Жүрегі жомарт инспектор

Ақтөбелік учаскелік полиция инспекторы Бақтияр Жақыпов мұқтаж отбасының жалға алған пәтерінің ақысын төлеп берген. Осындай игілікті ісі үшін инспектор ІІМ грамотасымен марапатталды.



5-бет

Қызмет ету – парызымыз

Ақмола облысында ерекше бір отбасы бар: шаңырақ иесі – қала көшелерінде коронавирустық инфекцияның таралуымен күресіп жүрген полицей болса, жұбайы – алдыңғы қатарлы вирусолог-дәрігер.



7-бет

Абыз ардагер

ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшылығы, жеке құрамы мен курсанттары жыл сайын дәстүрлі түрде Жеңіс күні қарсаңында Ұлы Отан соғысының ардагерлерін құттықтап, мерекелік іс-шаралар мен кездесулер ұйымдастырады.

УКРАИНА

**ҚЫЗҒАЛДАҚТАР КӨРМЕСІ
ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ ӨТУДЕ**

Киев қаласында дәстүрлі қызғалдақтар көрмесі ашылды.



Алайда жарты млн данаға жуық дала сұлулары биыл тек онлайн режимде ұсынылады. Елде жарияланған карантинге байланысты осындай шектеу қойылды. Украина билігі коронавирусқа байланысты жарияланғаннан карантиннен кезең-кезеңмен шығуды көздеп отыр. 11 мамырдан бастап Украина оқшаулау ережесін жеңілдетпек, жалпы карантин 24 мамырға дейін жалғасады. Елде вирус жұқтырғандар саны 12 мыңнан асты, 300 адам қайтыс болған. Бір жетіден кейін елде саябақ, сұлулық салондары, сауда орындары, дүкендер, мұражай мен кітапхана және нотариус кеңселері ашылуы мүмкін.

Дегенмен ел президенті Владимир Зеленский Украина халқын босаңсымауға шақырды.

24kz

БЕЛЬГИЯ

**КАРАНТИННЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ**

Төрт кезеңге бөлінген бұл шара жаздың аяғына дейін жалғасады.

Алайда эпидемиологиялық жағдай нашарласа, елде карантин қайта енгізілуі мүмкін. 4 мамырдан бастап қоғамдық орындарда 12 жастан асқан адамдарға бетперде тағу міндеттеледі. Бұл ережені бұзғандарға 250 еуро мөлшерінде айыппұл салынады. Бірінші кезеңде екеулеп жүгіруге және спортпен шұғылдануға рұқсат етіледі. 11 мамырда басталатын екінші кезеңнен барлық дүкен ашылып, бөлек тұратын туыстарға баруға рұқсат. 18 мамырда мұражайлар мен шаштараздар жұмысын бастайды. Ал мейрамханалар 8 маусымға дейін жабық болады. Сол кезде ел аумағында саяхаттауға да рұқсат етіледі. Ал 31 тамызға дейін бұқаралық іс-шаралар, фестивальдар мен концерттер өткізуге тыйым салынды.

24kz

ИРАН

**МЕКТЕПТЕР МЕН
МЕШІТТЕР АШЫЛАДЫ**

Иранның кей өңірлерінде мектептер мен мешіттер ашылатын болады.



Бұл туралы ел президенті Хасан Роухани хабарлады. Бұған дейін мемлекет басшысы елдің ақ, сары және қызыл аудандарына бөлінетінін айтқан болатын. Әр өңірге байланысты шектеу шаралары да әр түрлі болды.

Енді вирустың таралуы бәсеңдеген, яғни ақ түспен белгіленген аудандар біртіндеп карантин режимінен шыға бастады. Қазір аймақта сауда орындары ашылып, қалааралық қатынас қалыпты жұмысына оралуда.

Айта кетейік, Иранда коронавирустың жаңа түрінен 6 мың 203 адам көз жұмды. Ал осы дертке шалдыққан науқастардың саны 97 мыңнан асты.

– Кей кәсіпорындар мен орталықтарды аша бастадық. Ақ түспен белгіленген тағы 132 қала карантиннен шығатын болады. Қауіпсіз аймақтарда мектептер мен мешіттер ашылады. Оқу емтихан тапсыру уақытына дейін жалғасатын болады. Алайда барлық санитарлық талап сақталуы керек, – деді Иран президенті Хасан Роухани.

24kz

**ҚР Президенті: Ұлттық қауіпсіздік
тілімізді қадірлеуден басталады**

Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Бұл туралы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында айтты.

«Әлемде түрлі үрдістер қалыптасуда. Бірақ соның бәрі бірдей ұлттық мүддеге сай келе бермейді. Негізгі қауіп-қатерлер алда. Сондықтан қырағылық сақтай отырып, қиындықтарды еңсеруге әрдайым дайын болуымыз керек. Жаңа сын-сынаққа төтеп беру үшін, ең алдымен, ұлттық құндылықтарды қорғай білген жөн. Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы татулық пен келісімді, береке-бірлікті сақтай алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Әсіресе мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Халықтың тілі – халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады», – деді Президент.

Сондай-ақ, Президент «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасындағы кемшіліктер туралы да айтты.

– Бүгінде цифрлы технологиялар қар-қынды дамып, қоғамдық өмірдің түрлі саласына дендеп еніп келеді. Біз осы үрдіске баса мән беріп отырмыз. Бұл – қазіргі заманның басты талабы. Мұны коронавирус індетіне байланысты туындаған күрделі кезең анық аңғартты. Менің тапсырма бойынша Үкімет «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында анықталған кемшіліктерді ескеріп, қайта қарайды. Цифрландыру үдерісі елімізді өркендетуге тың серпін беретіні сөзсіз. Оның мән-маңызы арта бермек, – деп толықтырды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Inform.kz

Әскерге шақыру тоқтатылды

Ал әскерде жүргеніне бір жыл толған сарбаздар әзірге үйіне қайтпайтын болды.

Елімізде төтенше жағдайға байланысты әскерге шақыру науқаны тоқтатылды.

Мемлекет басшысы азаматтарды мерзімді әскери қызметке қабылдау уақытын биылғы маусымнан тамызға ауыстыру туралы жарлыққа қол қойды. Айта кетейік,

мұндай шешім ел тарихында алғаш рет жасалып отыр.

«Жарлықта азаматтарды әскерге шақырудың бұдан бұрын бекітілген мерзімін ағымдағы жылғы маусымнан тамызға дейін ұзарту көзделеді. Азаматтарды әскерге шақыру төтенше жағдай

режимі алынғаннан кейін қайта жүргізіледі. Және 31 тамызға дейін ұзартылады», – деді ҚР ҚК БШ Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы Сәкен Жүсіпов.

Ал әскерде жүргеніне бір жыл толған сарбаздар әзірге үйіне қайтпайтын болды. Олар Төтенше жағдай режимі алынғаннан кейін гана запасқа шығарылмақ,



Сәкен Жүсіповтің сөзінше, Қарулы Күштер қазір әр түрлі міндеттерді атқарып келеді. Мәселен, 9500 әскери қызметші патрульдеу, дезинфекциялау сияқты жұмыстарға тартылған.

Almaty.tv.

Бір реттік қаржылай көмек көрсетіледі

Биыл Жеңіс күнінде әскери парад өтпейді. Мереке бұқаралық сипатта тойланбайды. Алайда жеңісті жақындатқан және жеңіске жеткен жандардың барлығына лайықты құрмет көрсетіледі. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 27 сәуірдегі мәлімдемесінде: «Алдағы мамыр айындағы мерекелерді де үйде атап өтуге тура келеді. Бірақ Жеңіс күнінде Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бір де біреуі елеусіз қалмайды. Бәріне лайықты құрмет көрсетіледі. Әкімдер соғыс және тыл ардагерлеріне материалдық көмек береді», – деді. Ал мамыр айының алғашқы күнінде Ресейдің «Мир» телеарнасына берген сұхбатында Қазақстан басшысы Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне 1 млн теңге тағайындалатынын мәлімдеді.



Қасым-Жомарт Тоқаев тыл еңбеккерлері де назардан тыс қалмайтынын тілге тиек етіп: «Соғыс ешбір қазақстандық отбасын айналып өткен жоқ. Сол себепті біз үшін 9 мамыр – Еске алу күні...», – деді. Мемлекет басшысының

мәлімдемесін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі нақты сандармен сөйлетті.

Белгілі болғандай, Жеңістің 75 жылдығын мерекелеу қарсаңында Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысы бар қазақстандықтарға

7,6 млрд теңге көлемінде бір реттік қаржылай көмек көрсетіледі.

«Жеңіске үлес қосқан Ұлы Отан соғысының (ҰОС) қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар (376 адам), ҰОС жылдарында тылда еңбек еткен (109 040 адам), қоршауда болған Ленинград қаласында тұрған (87 адам), көмелеттік жасқа толмаған кезінде концлагерь, гетто және басқа да мәжбүрлі түрде қамап ұстау жерлерінде тұтқын болған (289 адам), ҰОС кезінде қаза тапқан, хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметкерлердің, партизандар мен астыртын әрекет етушілердің қайта тұрмысқа шықпаған жұбайлары (15 адам), қайтыс болған соғыс мүгедектерінің әйелдері (4 866 адам) қаржылай көмек алады», – деді хабарлады министрліктің ресми ресурсы.

Республикалық маңызы бар қалалар мен облыс әкімдіктері Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жетуге үлес қосқан барлық санаттағы азаматқа қаржылай көмектің кепілдендірілген шекті мөлшерін бекітті. Нәтижесінде ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы материалдық көмек 500 мың теңге болып белгіленді.

«Қоршауда болған Ленинград қаласында тұрғандар мен конц-

**Медициналық
масканы әлі де
тастамай тағу керек**

4 мамырдан бастап көшеге шығып, спортпен шұғылдануға болады. Бұл туралы онлайн баспасөз мәслихатында Қазақстанның бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетова мәлім етті.

«Біртіндеп тұрғындарға үйден шығуға, серуендеуге әрі спортпен айналысуға рұқсат берудеміз. Алайда топтасып жиналған дұрыс емес. Бүгіннен бастап спортпен шұғылдануға рұқсат етілген», – деді А. Есмағамбетова. Сонымен қатар ол медициналық масканы тағуға қатысты түсінік берді. «Біз масканы ғимараттарда және көшеде тағуға кеңес береміз. Неге далада маска тағу керек? Бұл тұрғыда халықаралық тәжірибені зерттеп, өзіміздегі қадмдарды ескердік.

Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ағзаның шыршыты қабатына қолды тигізбеу үшін масканы көшеде де таққан дұрыс екенін алға тартып отыр. Бұл – өз кезегінде індет жұқтыру жолы. Зерттеулерге сүйенсек, адам үш минут ішінде еріксіз түрде, яғни байқамастан бетін, мұрнын, көзін бес ретке дейін ұстауы мүмкін», – деді Қазақстанның бас мемлекеттік санитарлық дәрігері. Бұдан бұрын хабарланғандай, 4 мамырдан бастап далада спортпен шұғылданып, жаттығу жасауға рұқсат етілді.

Nege.kz

лагерьлердің бұрынғы көмелетке толмаған тұтқындарына 50 мың, Екінші дүниежүзілік соғыстың қайтыс болған мүгедектерінің әйелдеріне, Екінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болған жауынгерлердің жесірлеріне және Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлеріне 30 мың теңге тағайындалды», – деп жазды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сайты.

Нұр-Сұлтан қаласында 44 соғыс ардагері бар екен. Әкімдік олардың әрқайсысына 1 млн теңгеден, яғни 44 млн теңге көлемінде көмек көрсетпекші.

«Соғыс ардагерлерінің жұбайларына, тыл еңбеккерлеріне және ардагерлерге теңестірілген азаматтарға бір реттік қаржылай көмек беріледі. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушыларға теңестірілген тұлғалар 75 мың, (405 адам), соғыста қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасы мүшелері, жесірлері және тыл еңбеккерлері 32 500 теңге (3 529 адам) алады», – деп хабарлады Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Айта кетейік, өткен жылы астанада тұратын соғыс ардагерлеріне 519 мың теңгеден төленді. Былтыр олардың саны 71 адам болған.

Inbusiness.kz

Топан судан келген тауқымет

Былтыр жазда Арыс қаласында болған жойқын жарылыстан енді ес жиған Түркістан облысында тағы бір нәубет болды. Өзбекстан аумағындағы Сардоба су қоймасы бөгетінің бұзылуы салдарынан облыстың он ауылын су басты. 2 мамырдан бастап онда республикалық деңгейден бөлек, өңірлік техногенді төтенше жағдай жарияланып, жедел штаб құрылды.



Жансая ҚАМБАР, НҮР-Сұлтан

Өзбекстанда 1 мамырда болған жаңбыр мен дауылдан Сырдария облысындағы Сардоба су қоймасының бөгеті жарылып, өзбек тарапы су ағынын азайту үшін суару арналары желісіне шлюзді ашқан. Кейіннен Түркістан облысы Мақтаарал ауданының шекара коллекторлары толып кетіп, су арнадан шығып, елді мекендерді басып қалды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев апат салдарынан 22 мыңнан астам тұрғынның эвакуацияланғанын хабарлады. 3,6 мың гектар егіс алқабын су шайып, алдын ала есептелген шығын көлемі шамамен 404 миллион теңгені құрады. Су астында қалған егіс алқабының 85 пайызын мақта егістігі құраса, қалғаны жоңышқа мен жүгеріге тиесілі екені анықталды.

Үкімет басшысы Асқар Маминнің өкімімен Мақтаарал ауданындағы елді мекендерді су басу салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия құрылды. Премьер-министрдің орынбасары Роман Скляр төрағалық ететін комиссия құрамына орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының басшылары кірді. Комиссия алдына келтірілген залалды бағалау және су басу салдарын жою, инженерлік, көліктік, әлеуметтік инфрақұрылымды, тұрғын үйлерді қалпына келтіру, сондай-ақ зардап

шеккен тұрғындарға әлеуметтік қолдау көрсету міндеттері қойылды.

Қазіргі кезде су деңгейі біршама төмендеген. Қауіпті аймақта орналасқан Мақтаарал ауданының 10 елді мекенінің 5-уі, яғни Жаңатұрмыс, Жеңіс, Фирдоуси, Өргебас, Достық ауылдары су астында қалса, қалған бес елді мекен облыс әкімдігі, облыстық Төтенше жағдайлар департаменті, «ҚазСушар» және ауыл тұрғындарынан құралған еріктілердің көмегімен су басу қаупінен шығарылды.

Айта кететін жәйт, 14 мыңнан аса халқы бар Мырзакент елді мекені су басу қаупінен аман қалып, мырзакенттіктердің үйлеріне оралуына мүмкіндік туды.

Облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқамановтың хабарлауынша, Нұрлы жол елді мекені аумағында арнайы бөгет соғылған. Ал Фирдоуси елді мекенінен Мырзакентке қарай үш коллектор орналастырылған. Сондай-ақ Өргебас елді мекенінің аумағында ұзындығы – 20, биіктігі – 1 метр, Ырысты елді мекенінде биіктігі – 0,5, ұзындығы – 40 метр, Жантақсай ауылының маңынан ұзындығы 800 метр болатын бөгеттер тұрғызылды. Көрші Жетісай ауданында да Қоғалы ауылының автомобиль жолының бойында ұзындығы 500 метрден асатын бөгет арқылы нығайту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарға Ішкі істер, Қорғаныс министрліктерінен және жергілікті атқарушы органдардан

жалпы 986 адам, оның ішінде құтқарушылар, полиция қызметкерлері, әскери қызметшілер, жергілікті атқарушы органдар, волонтерлар тартылып, 180 дана техника мен 4 қайық жұмылдырылды.

Полиция тарапынан Жаңатұрмыс, Фирдоуси, Өргебас, Нұрлы жол, Иіржар, Т.Жайлыбаев ауылдарында жеті тосқауыл бекеті құрылды. Сондай-ақ 3115 ірі қара мал, 1101 ұсақ мал, 585 жылқы, 34 түйе Келес ауданы, Қызыләскер ауылына жеткізілген. Бұдан бөлек 1797 ірі қара, 6029 ұсақ мал, 689 жылқы, 381 түйе, 165 шошқа Мақтаарал ауданындағы қауіпсіз жерге шығарылған.

4 мамыр күні апатты аймаққа айналған Мақтаарал ауданынан эвакуацияланған халықтың саны 31 606 адамға жетті. Соңғы ақпарат бойынша Жаңатұрмыс (46 үй), Жеңіс (130 үй), Фирдоуси (250 үй), Өргебас (194 үй), Достық (11 үй) елді мекендерінен жалпы саны 631 үй су астында қалды.

Түркістан облысындағы аудан-қалалардан бөлек, еліміздің басқа облыстарынан да су тасқынынан зардап шеккен халыққа гуманитарлық жәрдем жеткізіліп жатыр. Ауданға алғаш болып Жамбыл облысы 30 тонна азық-түлік пен киім-кешек тиелген үш жүк көлігін жөнелтті. Шымкент қаласынан апаттық-құтқару жұмыстарына жұмылдырылатын 30 арнайы көлік келді. Сондай-ақ мақтааралдықтардың құтын қашырған қызыл судың тасқынына байланысты «Түркістан» корпоративтік әлеуметтік даму қоры көмектесуге ниетті еріктілерге ресми түрде өз реквизиитін жариялады.

5 мамырда Мақтаарал ауданына төтенше жағдайдың салдарын жою мақсатында Шымкент қаласы, Жамбыл және Қызылорда облыстары ТЖ департаменттерінің, 28237 әскери бөлімінің жеке құрамынан 276 адам, 35 дана техника, 7 жүзу құралы және 31 мотопомпа жіберілді.

Өзбекстандағы су апаты болған Сырдария облысына барған Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев бастаған қазақстандық штаб мәселені шешу жолын 4 мамыр күні көрші елмен талқылады. Нәтижесінде Қоғалы елді мекенінің маңындағы көпірдің қасынан қосымша арналар ұйымдастыру ұйғарылып, өзбек тарапы коллекторларымызды тазалауға көмектесетін болды.

Бүгінге дейін ауданға 300 млн текше метр су келгені белгілі. Алайда оның қашан тоқтайтыны әзірге анық емес.

Саланың үздіктері



Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тұрғымбаев қызметте жоғары кәсібилік пен ерлік көрсеткен полиция қызметкерлерін марапаттады. Қызметте ерекшеленген солтүстікқазақстандық полицейлер де бейнеселекторлық режимде өткен кеңеске қатысты.

Серік КЕҢЕСБЕК, СҚО

– Өзінің қызметтік және азаматтық міндеттерін адал атқаратын барлық қызметкерлер алғыс пен мадақтауға лайық. Негізгі бағаны бізге халық береді. Еліміздің басшылығына жүгінгенде және әлеуметтік желілерде жұмыстарың мінсіз атқарған және кәсіби іс-әрекет еткен қызметкерлерге алғыстарың білдіріп жатады. Төтенше жағдай кезінде сіздердің қайсарлық, ерлік танытып, қызметтік міндеттерді адал атқарғандарыңызды атап өткім келеді», – деді министр барлық өңірлердегі полиция қызметкерлерін марапаттай отырып.

Марапатқа ие болғандардың қатарында СҚО ПД-нің патрульдік полиция батальонының инспекторлары, полиция аға лейтенанттары Жігер Балтабай және Евгений Вишневский болды. Аталған тәртіп сақшыларының адамгершілік іс-әрекеттері туралы солтүстікқазақстандықтар наурыз айының соңында облыстық Полиция департаментінің басшылығына алғыс білдірген Күләш Балтабековадан қанық болды. Оның айтуынша, өтіп бара жатқан ауыр жүк машинасының доңғалағына қатқан мұз көлігінің алдыңғы әйнегіне тиіп, сындырған. Көлікте қарт адамдар болған, суықта әйнексіз жүру мүмкін болмайды. Полицейлер Жігер

Балтабай мен Евгений Вишневский оларды елді мекенге жеткізіп қана қоймай, көлікті жөндеуге де көмектескен. Сонымен қатар өткен жылы олар балалар мінген автомашинаға ілесіп жүріп, ауыр зардаптардың алдын алды. «Газель» машинасынан от шығып, барлық жолаушылар дереу шығарылды.

– Министрдің марапаты – менің қызмет барысымдағы ең қобалжыған сәтім. Басшылықтың және халықтың сенімі, бізді абыроймен жұмыс істеуге, одан да жауапты болуға ынталандырады», – деді Жігер Балтабай.

Сондай-ақ онлайн-кеңеске өздерінің ерліктерімен ерекшеленген басқа да солтүстікқазақстандық тәртіп сақшылары, атап айтқанда Азат Зейноллов, Қуаныш Сүлейменов, Руслан Ахматов, Ерлан Данкин, Азамат Букуев қатысты. Ерлан Тұрғымбаев барлық қатысушыларға қызметтері үшін алғыс білдірді. Іс-шара соңында Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаев өздерінің қызметтік міндеттерін одан әрі қарай адал атқаруға тілектестігін білдіріп, ризашылығын жеткізді.

Ішкі істер министрінің қатысуымен өткен бұл бейнеселекторлық кеңес ұмытылмайтын әсер қалдырды, сонымен бірге одан әрі ерекше режимде қызмет етіп жүргендерге қысқаша үзіліс болды.

Көк туды сақтап қалды



Түркістан облысында су басқан мектептің ауласынан мемлекеттік туымызды алып шыққан полицейдің әрекеті әлеуметтік желіде таралып кетті.

Мақтаарал ауданы Фирдоуси ауылындағы мектеп ғимаратының ауласын су басқан тұста Жетісай аудандық полиция бөлімі басшысының орынбасары Есімжан Надиров мемлекеттік тудың қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Биік тұғырда ілініп тұрған Туды шешіп алып, орап, қауіпсіз жерге алып шықты. Тәртіп сақшысының бұл әрекеті әлеуметтік желіде кеңінен таралып, көпшілікті тәнті етті. Желі қолданушылары тарапынан «Полицияда патриоттар ғана қызмет атқарады», «азаматтық», «Туға деген құрмет» деген

пікірлер білдіріліп, жедел әрекет еткен майорға алғыс айтушылар көп болды. Төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен аумақта полиция қызметкерлері күшейтілген тәртіппен жұмыс істеуде. Су басқан аймақтан келген адамдарды және төрт түлікті құтқару қызметін белсенділіктен ұйымдастырып, өз міндеттерін мінсіз атқаруда. Одан бөлек тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көмек беру қызметтерін де атқарып жатыр.

Polisia.kz

Жүрегі жомарт инспектор

Ақтөбелік учаскелік полиция инспекторы Бахтияр Жақыпов мұқтаж отбасының жалға алған пәтерінің ақысын төлеп берген. Осындай игілікті ісі үшін инспектор ПМ грамотасымен марапатталды.

Маржан ЖҮБАНИЯЗОВА, Ақтөбе

ҚР ПМ-де бейнеконференц-байланыс режимінде Төтенше жағдай кезінде көзге түскен ҚР ПМ-ның 47 қызметкері мен әскери қызметшілерін ведомстволық наградалармен марапаттау рәсімі өтті.

ҚР ПМ басшысы ел үшін қиын кезеңде ПМ қызметкерлерінің өз өмірі мен денсаулығына қауіп төнгеніне қарамастан, ерекше режимде жұмыс істеп жүргенін қаперге салды. Карантиндік іс-шараларға қатысумен қатар, олар құқықтық тәртіпті қорғау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тәулік бойы қызмет атқарады.

– Мемлекет басшысы ПМ қызметкерлерінің ТЖ жағдайында құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін жоғары бағалады. Оның тапсырмасы бойынша карантиндік іс-шараларға тартылған барлық қызметкерлер мен әскери қызметшілер лауазымдық



жалақы мөлшерінде сыйақымен ынталандырылады. Барлығы жеке құрамнан 52 мыңнан астам қыз-

меткер ынталандырылады, – деді министр.

ПМ-де марапатталғандардың арасында Ақтөбе қаласының учаскелік полиция инспекторы Бахтияр Жақыпов ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың бұйрығымен ПМ грамотасымен марапатталды.

Ақтөбе облысы ЖП бастығы Б. Арыстановтың бұйрығымен екі айлық жалақы көлемінде ақшалай сыйақымен марапатталды.

Айта кетейік, 23 сәуірде қаладағы Чекалин көшесіндегі жалдамалы пәтердің иесі пәтер жалдаушыларды баспанадан шығаруға әрекет жасап, көмекке тәртіп сақшыларын шақырып, хабарласады. Сөйтсе, екі кішкентай баласы бар отбасы отағасының табыстан айырылуына байланысты пәтердің жалға алу ақысын төлей алмай қалыпты. Бұл ретте Ақтөбе №12 қалалық полиция бөлімінің №12 учаскелік полиция пунктіннің учаскелік полиция инспекторы Бахтияр Жақыпов отбасының ауыр жағдайын түсініп, пәтердің жалдау ақысы ретінде 40 мың теңге төлемді өз қаражатынан төлеп, көмек көрсеткен.

Жігерлі жастар – саланың болашағы

Тергеуші мамандығының иелері қызметтің жүгін абыроймен арқалап, қылмыскерлерді аса сақтықпен құрықтап қана қоймай, бұлтартпайтын айғақтар арқылы оның ақ-қарасын айырып, Қазақстан Республикасының заңына сүйене отырып, тергеу амалдарын жүргізеді.

Айгерім РЫМБЕКОВА,
Жезқазған

Тергеуші әрқашан сауаттылықты, біліктілік пен төзімділікті серік етеді. Бүгін жаста болса осы қызметке бел шеше кіріскен полиция лейтенанттары Нұрсұлтан Сауытбек мен Серікболсын Көпберген жайлы аз-кем сөз еткіміз келеді.

Нұрсұлтан Сауытбек – Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Қарсақбай ауылының, ал Серікболсын Көпберген – Жезқазған қаласының тумасы. Жас полицейлер Қарағанды қаласындағы екі мәрте Кеңес Одағының батыры Талғат Бигелдинов атындағы мектеп-интернатынан түлек ұшқан соң, Қазақстан Республикасының ПМ Б.Бейсенов атындағы академиясын тәмамдайды. 2019 жылдан бастап Жезқазған қалалық полиция басқармасына тергеуші лауазымына тағайындалады.



ры болады. Бірақ ондай қиындықтарды елемеуге тырысамыз. Қиындықты жеңе білгенде ғана табысқа қол жеткізуге болады емес пе?, – дейді Нұрсұлтаннның өзі де.

Полиция лейтенанты Серікболсын Көпберген өз жұмысында жағымсыз фактілермен жиі кездесетінін айтып, бұл ретте эмоционалды тұрғыдан тұрақты, ұстамды, төзімді болуымыз керек дейді. Серікболсын еліміздегі карантиндік төтенше жағдай кезінде жалған ақпарат таратқан бір азаматшаның ісін қарапты. Азаматша телекоммуникациялар желісін пайдалана отырып, қоғамның мемлекеттің заңымен қорғалатын мүддесіне елеулі зиян келтіретін жалған ақпарат таратқан. Ол ватсап желісінде айтқан сөздері үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 274-бабы 4-бөлігі 2-тармағы бойынша жауапқа тартылған. Азаматшаның үстінен қылмыстық іс қозғалып, үш жыл бостандығына шектеу қойылды.

– Сондықтан сөзді ойланбастан айтуға болмайтынын, адамның айтайын деген сөзін ой жетегінен өткізіп барып, айту керектігін жұртшылықтың қаперіне салғым келеді. Ал тергеуші қылмыстық-процестік заңнаманы жақсы біліп, олардың талаптарын сақтауға міндетті, – дейді жас тергеуші әңгіме барысында.

Күн демей, түн демей, талап – арыздардың ақ-қарасын анықтап, кінәліні табуға өнімді еңбек етіп жүрген жас тергеушілердің қызметі қауырғ. Олардың мақсаттары – жұмыс барысында мол тәжірибе жинап, кәсіби шыңдалған маман болу.



Жас тергеушілердің қырағылығы, өзі секілді жастардың психологиясын жақсы меңгеруі Нұрсұлтаннның ұрлық ісіне қатысты істерді өте сапалы орындап шығуына септігін тигізіп келеді. Ол тергеу бөлімінің бастығы, тәжірибелі маман, полиция подполковнигі Жанбота Бұзауовтан, тергеу бөлімінің орынбасары, полиция полковнигі Аманжол Рзамбетовтен үйрене жүріп, өз қызметін абыроймен атқарып келеді. Есепті мерзім ішінде Нұрсұлтан түрлі қылмыстық істерді сотқа жолдаған.

– Бұл мамандық бала кезден арманым болатын. Сондықтан мен ешқашан өкінбеймін. Жұмыс болған соң, өз қиындықта-

Жасай бер, жаса қазағым, күн сайын кірсін ажарың,

Тағылымды тәртіп сақшысы

Учаскелік полиция инспекторы Еркін Махановтың күнделікті жұмысы өзіне бекітілген аумақтағы көшелерді аралап, халықтың жағдайын білуден басталады. Профилактикалық шаралар атқарып, қылмыстың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Қоғамның тыныштығын сақтау мақсатында ел ішінде туындап жатқан мәселелермен етене танысып шығады.

Қайрат ЗАЙНИШЕВ
Түркістан облысы

Еркін Махановқа бекітіліп берілген аумақта төрт мектеп және төрт елді мекен бар. Күнделікті әдетімен бүгінде инспектор көшелерді аралап, ел жұртпен кездесуге шықты.

– Ел ішіндегі мәселелерді көбінесе әлеуметтік желіден біліп отырамыз. Тұрғындармен тығыз байланыс орнату мақсатында WhatsApp желісінде ашылған арнайы чат бар. Онда кез келген мәселені талқылап, кеңес беріп отырамыз. Тұрғындар желі арқылы аймақта қалыптасқан қылмыстық жағдайға қатысты өз ойларын ашық айта алады, – дейді ол.


Еркін Ерғешбайұлы Отырар ауданындағы Шәуілдір ауылының тумасы. Жергілікті жерде орта мектепті тәмамдаған соң, Шымкентке барып жоғары білім алды. Алғашында өнер факультетін бітіріп, мектепте ұстаздық еткен. Кейіннен «заңгер» мамандығын меңгеріп, бала күнгі

полиция боламын деген арманына қол жеткізеді.

Еңбек жолын аудандық полиция бөлімінің тылды қамтамасыз ету полицейі болып бастаған. Кейіннен уақытша ұстау изоляторында еңбек етеді. Біраз уақыт кинолог болды. Қазір учаскелік полиция инспекторы ретінде абыройлы қызмет етуде. Жауапкершілігі жоғары жұмысқа бел шеше кірісетін кәсіби маман, қай қызметте болсын қырағылығымен танылып, басшылар тарапынан марапаттарға ие болып жүр.

– Полицей біліктілігі мен білімі жоғары әрі тәжірибелі болуы керек. Сондықтан жас полицейлер алдымен тәжірибе жинағаны дұрыс. Халыққа қызмет ету жүрекен атқарылатын жұмыс. Әрдайым халыққа жақын болып, мәселелерін дер кезінде қарап, шешім шығарып отырғаны жөн, – дейді ол.

Полиция капитанының қолы боста жанына ермек ететін бір ісі бар.



Ол – ұсталық. Университетте оқып жүргенде жасаған түрлі зергерлік бұйымдары бар. Суретті де жақсы салады. Өмірі өнерге жақын полиция қызметкерін өңірдегі мерейлі отбасының бірі деп біледі.

Еркін Маханов бос уақытын отбасымен өткізеді. Өсіріп отырған бес қыз, екі ұлы әкесінің жұмыстан қайтқан уақытын тағатсыздана күтіп отырады. Әсіресе екі жасар Аяжан әкесімен ойнағанды жақсы көреді. Жұбайымен бірге әрдайым балаларының сабақтарын бақылап, тәрбиесін қадағалап отырады. Ұлдары әкесіне қарап бой түзесе, қыздары тәрбиесінен тәлім алуда.

Жігіттер бар марқасқа

Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер органдарында 19-ға жуық ұлт өкілі қызмет етеді. Қызылжар ауданының Соколовка кенттік полиция бөлімінде ең интернационал ұжым қызмет атқаруда.

Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО

Міне, төрт жылдан астам уақыт полиция ұжымын ұлты әзірбайжан, полиция майоры Эльдар Аллахверанов басқаруда. Учаскелік инспектор Имран Магамедов, ұлты – шешен, полиция әулетінің төртінші буын өкілі. Сондай-ақ бұл шағын бөлімде әр түрлі ұлт өкілдері болып табылатын 15 қызметкер жұмыс істейді. Ұжымдағы достық қарым-қатынасты жергілікті тұрғындардың пікірі растағандай. Себебі олар полицейлердің кәсібилігіне жиі ризашылықтарын білдіріп тұрады.

«Әрқайсысымыз атымызға айтылған алғыс сөздерге қатты қуанамыз. Бұл құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін өте маңызды, өйткені олардың жауапты жұмысына берілген басты баға сол.

Сондықтан мен кенттегі полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Эльдар Садықұлына, қиын карантин уақытында көмектескені үшін алғысымды білдіргім келеді. Ол әрдайым ауыл тұрғындарының өтініштерін далаға тастамайды, қолынан келгеннің бәрін жасауға тырысады. Біздің қатарымызда қарапайым азаматтардың мәселелеріне бей-жай қарамайтын қызметкерлердің көп болғанын қалаймыз», – деп жазды Юлия Баланова СҚО ПД Instagram-дағы аккаунтына.

Соколовка кенттік полиция бөлімінің қызметкерлері 34 елді мекенге, яғни тоғыз ауылдық округке қызмет етеді. Карантин кезінде ауыл тұрғындары облыс орталығынан оқшауландырылып, бұл күнделікті мәселелерді шешуге қолайсыздықтар туғызды. Олардың бірқатарын төтенше жағдай кезінде каран-

тиндік іс-шараларға қатысқан полиция қызметкерлері шешіп берді.

Жалпы, СҚО-ның барлық аумақтық бөліністерінде грузин, армян, башқұрт, украин, грек, молдав, кәріс, белорус, поляк, ингуш ұлтының өкілдері жұмыс істейді.

– Бірлік, достық – бұл Қазақстан халқының басты байлығы. Оны қазіргідей төтенше жағдай режимінде жұмыс істеп жүргенде сезіндік. Біздің басты міндетіміз – заңдылықты қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге халыққа көмек көрсету, – деді СҚО ПД бастығы полиция полковнигі Марат Төлебаев.

Осы орайда солтүстікқазақстандықтар да бей-жай қараған жоқ, карантин жағдайында құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне көмектесе отырып, профилактикалық шараларда және басқа да ұйымдастырушылық мәселелерде көмек қолын соза білді. Мәселен, 1 мамыр күні этномәдени орталықтардың өкілдері F.Мүсірепов атындағы аудандағы тосқауыл бекеттерінде ұлттық тағамдардан дәм тағқызды.

Үзілмеген ұрпақ сабақтастығы

Балалық шақтан бастап әрбір жеткіншектің жүрегінде болашағын айқындайтын мақсаты мен арманы ұя салады.

Айгүл АЙБОЛАТОВА,
БҚО

Еліміздің өрт сөндіру қызметінде бірнеше буын ұрпағы түгелдей еңбек етіп жүрген көптеген әулеттер бар. Соларға қарап, ұрпақтар сабақтастығы деген ұғымның маңыздылығы мен қасиетін ұғынуға болады. Солардың бірі – Лұқпановтар әулеті. Әулеттің бір буын өкілі болып табылатын Ерназар Лұқпанов өрт сөндірушінің отбасында дүниеге келді. Балдәурен балалық шағынан әкесінің қызметтен оралған әр сәтін көріп өскен ол бір күні әкесі сияқты

айбынды өрт сөндіруші боламын деп армандаушы еді.

Әкесі Жүсіп Лұқпанов өртке қарсы қызмет органдарында 1986 жылдан 2009 жылға дейін қызмет етті. Ол №3 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі, содан кейін өртке қарсы қызмет прапорщигі болып жұмыс істеді. Осы қызметте жүріп, құрметті зейнеткерлік демалысына шықты. Қызметіндегі абыройлы еңбегі үшін бірнеше мәрте басшылық тарапынан марапатталған. Атап айтсақ, 2008 жылы өртті сөндіру мен адамдарды құтқару кезінде көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Жас қызметкерлер үлгі әрі мақтан тұтып жүрсін деген ниетпен бүгінде Жүсіп Лұқпановтың бейнесі гарнизон

мұражайының даңқ тақтасында ілулі тұр.

Әкесі Ерназарға балалық шағынан бастап шынайылықты, қайырымдылықты, өзара көмек пен мейірімділікті, спортқа деген құштарлықты өнеге етті. Өйткені қызметтес әріптестерге кез келген уақытта көмек көрсетіп, ал ең бастысы, өз міндеттерін адалдықпен атқаруың қажет. Өзінің дұрыс шешімімен біреудің өмірін сақтап қалуға болады.

Ерназар мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде-ақ әке жолын қуып, өрт сөндіруші болаты-



нын анық білді. Отан алдындағы борышын өтеп келгеннен кейін саналы түрде №3 өрт сөндіру бөліміне қызметке тұрды.

Бүгінде Ерназар Лұқпанов азаматтық қорғау органдарында №6 өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары қызметін лайықты атқарып жүр.



«Жаңа Жүсіп Лұқпанов не думал о награде. – Я про работу, – говорит он.»

Қазақстанды сүйіндер, Отанды сүю – Иманнан!

Антына адал азамат

Қоғамдық тәртіпті сақтауда, әрі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп келе жатқан полицей қызметкерлеріне артылар міндет қашан да биік.

Анаргүл НҰРБАНОВА,
Павлодар

Полицей мамандығы мемлекет үшін жауапты және қажетті кәсіптердің бірі. Азаматтық парызды, үлкен шыдамдылықты, қоғамдағы кез-келген жағдайларға төзім мен шыдамдылық белгілерін таныта алуды талап ететін адалдыққа негізделген жұмыс. Ішкі істер органында жұмыс істеу деген сөз – жеке өмірді екінші орынға ысырып, үлкен жауапкершілікпен қоғамға қызмет ету.

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауда, қоғамдық тәртіпті күзетуде кәсібилігімен көзге түсіп жүрген полицей, патрульдік полиция тобының полицейі, полиция сержанты Федор Пашков. Оның ішкі істер органында жұмыс істегеніне екі жыл болды.

Федор Пашков 1995 жылы Жамбыл облысының Қордай ауылында дүниеге келген. 2014-2015 жылдары Қарағанды қаласында Ұлттық гвардия қатарында әскери қызмет атқарған. Әскерде спорттық жарыстарға белсене қатысып, «Жауынгер-спортшы» атағына ие болған.



табылуға тиіс әдептілік, зеректілік, мұқияттылық, қырағылық сынды қасиеттерге ие тұлға деп айтуға болады.

Бір кезекшілік ауысымында Федор теміржол кассасында билет сатып алып тұрған қыз баланы



Федор Ішкі істер органындағы қызметін 2018 жылы Павлодар станциясындағы желілік полиция бөлімінде патрульдік полицей лауазымынан бастайды. Федордан бұл мамандықты неге таңдағанын сұрағанымызда, ол өз әкесінің әскери қызметкер болғанын, Ауғанстан соғысында ұрыстарға қатысқанын, кішкентай кезінен бастап әкесінің әскери формада жүргенін көріп өскендіктен, «форма» киюді армандағанын айтады.

Полицей үшін жолаушылар пойыздарында әр жолаушының қауіпсіздігін қорғау – абыройлы міндет. Ішкі істер органдарында өздерін жағымды жақтан көрсетіп, заңдылық пен құқықтық тәртіпті бекітуде үлкен үміт артатын осындай азаматтарды нағыз полицейлер деп айтуға болады. Бүгінгі жас кейіпкерімізді полицей бойынан

байқайды. Біраз уақыт өткен соң сол кассаға жақындаса, қыз жеке құжаттары, ақша мен теміржол билеттері салынған әмиянын ұмытып кетіпті. Ол дереу желілік полиция бөлімінің кезекші бөліміне қоңырау шалып, құжат бойынша қыздың мекенжайын анықтайды және оған жеке заттарын табыстайды.

Полицей болу әрқашан қырағылықты, табандылықты, қоғамдағы кез-келген жағдайларға төзуді талап етеді. Қызмет ету аймағы бойынша өтетін әрбір жолаушы пойызын бірден жіті бақылауға алып, ондағы тәртіп пен қауіпсіздікті асқан кәсіби шеберлікпен атқаруы қажет. Міне, осы айтылған талап-міндеттерді Федор адал, әрі шеберлікпен, жауапкершілікпен атқарып келе жатыр деп айтуға болады.

Елім деп соққан жүрегі

Қылмыстың ақ-қарасын ажыратып, ақиқат іздеу білікті тергеушілеріміздің мойнына жүктелген. Олар қызмет барысында сан алуан қылмыстарды жүзеге асырған қылмыскерлермен бетпелі келіп тілдеседі.

Сәуле ТӨЛЕГЕНОВА,
Тараз

Тергеуші мамандығы қызметте білімділікті, ұшқыр ойды, төзімділікті, үлкен ізденісті талап етеді. Олардың басты міндеттерінің бірі – қылмыс жасап, заң шеңберінен шыққан адамның тағдырын зерделеу, оны қылмыс жасауға итермелеген мән-жайды анықтау, азаматтардың жеке бас бостандығына нұқсан келмеуін қадағалау. Тергеушілерді өз күзреті шегінде іс жүргізуді жүзеге асыратын, ақиқаттың соңына шырақ алып түсетін уәкілетті лауазым иелері десек, еш қателеспейміз.

Тергеуші Қалжан Орынбеков көпбалалы отбасыдан шыққан, жанұясы мен ағайындарының арасында бұрын-соңды ішкі істер органдарында жұмыс істеген ешкім болмаған.

Жастайынан ішкі істер органдары саласындағы қызметкерлер еңбегін көргенде, оның бар ой-болмысы сол салаға қарай бұрылыпты. Сөйтіп, орта мектепті аяқтаған соң Қарағандыдағы Е.Букетов атындағы Мемлекеттік университетке келіп, оқуға түскен. Аталған жоғары оқу орнын тәмамдаған соң, 1994 жылы жас маман ретінде еңбек жолын Семей облыстық ІІБ-ның экономикалық қылмыстарға қарсы күрес басқармасының жедел уәкілі ретінде бастаған. Мұндай шешім қабылдауына алдағы аға буын, ІІО қызметін қатардағы құрамнан жоғарғы басшы құрамға дейін қызмет атқарып өткен, ІІО зейнеткері, бұрын Семей облыстық ІІБ бастығының кадр жұмысы жөніндегі орынбасары болған, полиция полковнигі Сапаралы Досжанов себепкер болған.

«Егер ісім өңсін десең, ретін тап» деп Абай атамыз айтқандай, ол өз



ісінің барлық қыр-сырын меңгеруге тырысты.

Кейінірек, нақты айтсақ, 1996 жылдың күзінде Семей станциясындағы Мемлекеттік тергеу комитетінің Желілік бөліміндегі тергеу бөлімінің тергеушісі қызметіне ауысқан.

Осы уақыттан бастап спецификасы бөлек темір жол көлігі мен әуежайда орын алған көптеген күрделі, қылмыстық істерді тергеп, өзінің біліктілігі жоғары тергеуші екенін сан мәрте дәлелдеген. Полиция аға лейтенанты Қалжан Орынбековті 2002 жылдың шілдесінде Көліктегі ІІД басшылығы Семей станциясындағы ІІЖБ бастығының тергеу жөніндегі орынбасары лауазымына лайықты деп санаған. Содан бері өмірінің 20 жылдан астам уақытын тек қана тергеу қызметіне арнапты. Білікті маман, іскер басшы ретінде осы саланың пұшпағын әлі күнге дейін илеп келеді.

2016 жылдың сәуірінен бастап Қ.Орынбеков қызмет бабымен Жамбыл өңіріне ауыстырылып, Жамбыл

станциясындағы ІІЖБ бастығының тергеу жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда.

Қиын да қызықты мамандықты игеруде, қызметтің алғашқы жылдарында жас маман Қ.Орынбековтің нағыз тергеуші болып қалыптасуына тәлімгерлер, тергеу ісінің майталмандары, қазір ІІО зейнеткерлері – Болат Шақшанов, Мұхаметжан Смағұлов, Жандарбек Нұрбаев, Александр Гуриндер себепкер болыпты.

– Тергеуші – маңызды да қызықты, аса күрделі, табандылықты талап ететін мамандық. Қылмыс түрлі салада, әр түрлі бағытта орын алатындықтан, әрбір тергеушіден ой ұшқырлығын, ішкі түйсіктің жоғарылығын, сезімталдық секілді қасиеттерді қажет етеді, – дейді Қалжан Әбдуәліұлы.

Жамбыл стансасы ІІЖБ тергеу саласының тізгінін білім-білігі жоғары осындай маман ұстап отырғандықтан болар, тергеу мен анықтау ісінің сапасы жақсы, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде. Қазіргі уақытта полиция органдарына есепке алу-тіркеу тәртібі бойынша қатаң талап қойылғалы азаматтардың барлық өтініші мен арыздары, кез келген деңгейдегі қылмыстар мен құқық бұзушылықтар түгелдей тіркеліп, қылмыстың ізін суытпай ашуға бағытталған шаралар үнемі қабылданауда.

Өз мамандығын жанындай сүйетін Қалжан жан-жары Шынармен бірге Айжан есімді қызы мен Темірлан есімді ұлын тәрбиелеп, өсіріп отыр. Жұмыс басты болып жүріп, отбасына аз көңіл бөлінетінін полиция полковнигі еш жасырмайды. Бірақ жанұя мүшелерінің тарапынан түсінушілік, сыйластық болғандықтан, өмірінің жиырма жылдан астам уақытын дәл осы қызметке арнапты. Қ.Орынбеков отбасы мен қызметі жайлы әңгімелей отырып, «Үйде полковник емеспін, бірақ қамқор әке, адал жармын деп толық айта аламын», – дейді.

Қызмет ету – парызымыз

Ақмола облысында ерекше бір отбасы бар: шаңырақ иесі – қала көшелерінде коронавирустық инфекцияның таралуымен күресіп жүрген полицей болса, жұбайы – алдыңғы қатарлы вирусолог-дәрігер.

Анар АСХАТОВА,
Ақмола облысы

Жас отбасы үшін бұл – барлық қазақстандықтардың және тіпті әлемдік қоғамдастықтың тағдырымен тығыз байланысты алғашқы маңызды және жауапты сынақ. Капитан Сәкен Қабдылов Ақмола облыстық Полиция департаментінің учаскелік инспекторы ретінде Красный яр ауылының КПБ әкімшілік учаскесінде қызмет етеді және коронавирустық инфекцияға қарсы әрекет ету кезеңінде күшейтілген режимде жұмыс істейді.

Сәкеннің ҚР ДСМ «Ұлттық сараптама орталығы» РМК Ақмола облысы бойынша филиалының дәрігері Ақсәулемен шаңырақ құрғанына бес жыл болды. Учаскелік инспектор қызмет көрсететін учаскеде 4 000-ға жуық адам тұрады. Төтенше жағдай кезінде капитан Сәкен Қабдылов күн сайын карантин режимін сақтау бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

Қабдыловтардың тату отбасында осындай қиын уақытта балалардың жанында үнемі Сәкеннің әкесі болады. Өйткені жастар ата-анасымен бірге тұрады. Отбасында үш және бес жастағы екі бала бар. Айта кету керек, Сәкеннің анасы Айгүл Жамшитқызы жұбайы Ақсәуле сияқты медицина қызметкері, Ақмола облыстық көпсалалы ауруханасының онкологиялық орталығының жағдайы ауыр емделушілерімен жұмыс істейді.

Капитанның жұбайы Ақсәуле Өмірсерікқызы жоғары білікті дәрігер-вирусолог, вирусологиялық зерттеулердің барлық әдістерін меңгерген. Санитарлық дәрігер ретінде бүгінгі күні аса қауіпті жерде – вирусологиялық зертханада жұмыс істейді, онда ПТР әдісімен коронавирустық инфекцияға зертханалық зерттеу жүргізіледі.

– Әр таң сайын полимеразды тізбекті реакция әдісімен зерттеу жүргізу үшін бокстарға барар алдында біз барлық қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша нұсқамадан өтеміз, ал мен зертханаға келгенде, толық жұмысқа кірісемін, – деп бөлісті Ақсәуле.

– Біз алгоритм бойынша жедел жұмыс істейміз. Сараптама орталығының мамандары жабық және ашық барлық оркемелерді тексереміз, вирус ошағына шығамыз, талдауларды алып, зертхананың бокстарына анализ-



дерді жеткіземіз, ошақты өңдейміз, яғни зарарсыздандыру жұмысын жүргіземіз, – дейді дәрігер-вирусолог.

Ал Сәкеннің міндетіне әкімшілік учаскені жоспарлы аралау кіреді. Аралау кезінде учаскелік инспектор проблемалық жерлерді анықтап, оларды бақылауға алады. Тәртіп бұзушылармен алдын алу әңгімесін жүргізеді және қажет болған жағдайда оларды бақылауға алады, тиісті азаматтардың тізіміне енгізеді. Жақында капитан төтенше жағдай кезінде автокөлікті «орташа дәрежедегі» масаң күйінде басқарған жүргізушіні анықтады.

Сәкеннің әкесі Өміртай Қабдыловтың айтуынша, ҰОС-нан кейін медицина мен милиция жартылай әскери ұйымдар болып саналды. Бұрынғы уақытта да, қазір де медициналық қызметтердің борышы халықты бактериологиялық шабуылдан қорғау міндеті болып табылады, ал құқық қорғау органдарының міндеті – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Магистранттар емтихан тапсырды



Ағымдағы жылдың 29-30 сәуірінде Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ғылыми және педагогикалық магистратураның 2 – курс магистранттары мемлекеттік емтихан тапсырды.

Ерболат ҚАЙНАР,
Қостанай

Құқық қорғау қызметі саласында екі жыл білім алып, ғылым әлеміне алғашқы қадамдарын да жасап үлгерген магистранттардың білімін саралауда мемлекеттік емтихан аса жауапты. Ол жас ғалымдардың теориялық және әдістемелік дайындығын тексерудің құралы болып табылады.

Білім сипаты алуан түрлі болғанымен, ақыл-ойдың жемісі сапалы білім нәтижесімен өлшенеді. Кешенді емтихан қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, құқық қорғау қызметінің өзекті мәселелері, құқық қорғау органдарының жоғары арнайы оқу орындарында білім беру үдерісін ұйымдастыру пәндері бойынша өткізілді. Емтихан билеттерінің сұрақтары теориялық білім деңгейін анықтауға



Қазіргі уақытта бүкіл әлем күрделі кезеңді бастан кешуде. Елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты осындай дүрбелең кезеңде Президентіміздің үндеуімен студенттер қашықтықтан оқыту жүйесіне көшкені белгілі. Осы орайда биылғы жылы мемлекеттік емтихан тапсыру форматы оқу бітіруші түлектер мен комиссия мүшелері үшін өзгеше, әрі жаңашылдыққа толы болды. Себебі мемлекеттік емтихан қашықтықтан «Zoom» платформасы арқылы өткізіліп, «Инстаграм» әлеуметтік желісінде тікелей эфирден көрсетілді.

ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы заңнаманың өзекті проблемаларын анықтауға да бағытталған. Магистранттар теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыра отырып, комиссия мүшелерінің жан-жақты қойылған сұрақтарына толық көлемде жауап берді. Осылайша комиссия мүшелері магистранттардың білім деңгейлерінің жоғары екенін бағалады. Магистратураның түлектерін мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсыруымен құттықтап, алдағы магистрлік диссертацияларын ойдағыдай қорғауға тілектестік білдіреміз!

Шетелдегі туыстарымен онлайн байланысты

Қызылорда облысында шетел азаматтары туыстарымен онлайн байланысқа шықты.

Қазіргі таңда мемлекетімізде төтенше жағдай жариялануына байланысты Қызылорда қаласындағы ЗК-169/5 мекемесінде шетел азаматтарына туған – туыстарымен кездесу қиындық тудырып тұр. Дегенмен 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі қарсаңында мекеме әкімшілігі жазасын өтеуші адамдарды туған – туыстарымен скарп жүйесі арқылы байланыс жасау мүмкіндігін қарастырды.

Осы мекемеде жазасын өтеуші Ш. есімді ер адам осындай мүмкіндікті тиімді пайдаланып, Өзбекстандағы туған-туыстарымен байланысқа шықты. Сотталған Ш. көптен көре алмай жүрген жанұясымен скарп жүйесі арқылы тілдесті. Анасын, балаларын,

жұбайын скарп жүйесі арқылы көрген жазасын өтеуші жанұясының аман екенін көзімен көріп, қуанышын бөлісті.

Бүкіл әлемде төтенше жағдай орын алып жатқанда, отбасымен ғаламтор арқылы болса да тілдескен жазасын өтеуші мен оның жанұясы қатты қуанып қалды. Сотталған отбасымен бейнебайланыс арқылы қауышуға мүмкіндік берген мекеме бір-біріне шексіз алғысын білдірді. Жергілікті аудан, ауылдардан келе алмай жатқан жазасын өтеушілердің отбасылары ешқандай қиындықсыз үйде отырып, бейнебайланыс арқылы сөйлескендеріне ризашылығын білдірді.

Polisia.kz

Ұрпақ тәрбиесі босаңсымауы тиіс

Төтенше жағдай кезеңінде Петропавл қаласы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналдық полиция қызметкерлері басқа бөліністермен бірге қала көшелерін патрульдеуде.

Серік КЕҢЕСБЕК,
СҚО

Қосымша жүктемеге қарамастан, олар өздерінің күнделікті жұмыстарын толық орындап, қиын отбасыларда құқық бұзушылықтардың профилактикасын жүргізеді. Егер балалармен немесе ата-аналармен жасалатын бұзушылықтарда жүйелілік байқалса, бұл олардың ата-аналарын ҚР Әкімшілік кодексінің «Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамау» 127-бабы бойынша есепке қоюға себеп болады. Петропавлда мұндайлардың саны – 82, оның 48-і жыл басынан есепке қойылғандар. Көбіне алкогольдік ішімдіктерді шамадан тыс ішумен, кейде ата-аналарының балаларына ықпал етуге қауқарсыздығымен байланысты. Патрульдердің бірі 20 сәуір сағат 17-00 шамасында заңды өкілдерінің

еріп жүруіне үйінен тыс жерде жүрген 14 жасар қыз баланы тоқтатқан. Оның сөзінше, ол қыдыруға шыққан. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторларға жасөспірім өткен жылы осылай үйінен тыс жерде жалғыз жүруімен таныс. Тіпті ол бірде спирттік ішімдік ішкен. Кәмелетке толмаған төрт баласы бар ананың үлкен қызын тәрбиелеуге шамасы келмейтіні анық. Отбасы қаңтарда есепке қойылды.

– Карантин аяқталғаннан кейін аталған фактілер, бес отбасының жағдайы қалалық әкімдік жанындағы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия отырысында қаралатын болады, – деді Петропавл қаласы ПБ ЖПҚБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Айдын Ақмағамбетов.

– Комиссия отбасына түзелуге сынақ мерзімін беру немесе ата-ана құқығынан айыру туралы шешім қабылдайды. Мүдделі органдар отба-

сында жақсы қарым-қатынас орнату үшін жағдай жасайды: олармен мектепке бекітілген учаскелік полиция инспекторы, әлеуметтік педагог, психолог, қамқоршы органдар жұмыс істейді.

Айдын Ақмағамбетов карантин кезінде Петропавл қаласында ювеналдық полиция желісі бойынша бұзушылықтардың азайғанын атап өтті. Кейбір жағдайларға карантин оң әсерін тигізген. Мәселен, төрт ұлы бар жалғыз басты ананың 2004 жылы туған баласы бұрын үйінен кетіп қалып жүргендіктен, есепте тұрған. Әйелдің теріс әдеттері жоқ, тек жұмысбасты. Төтенше жағдай режиміне байланысты әйел үйінде оқшауланып, балаларына көңіл бөлген. Кезекті тексеріс кезінде полицейлер отбасындағы жағдай жақсарып, пәтердің тап-тұйнақтай жиналғанын байқаған.

Сәуір айында ҚР ӘҚТК 127-бабы бойынша бес петропавлдық (наурызда – 18) жауапқа тартылды. Карантин ережелерімен тыйым салынған ата-ананың еріп жүруіне үйден тыс болғаны үшін 19 хаттама толтырылды.

Мекемедегі тігін және аяқ киім өндірісі

Сотталғандардың жұмыспен қамтылуы жұмыстың пайдалы дағдыларын игерумен және дамытумен, түзету мен қайта әлеуметтендірудің үлкен және маңызды процесінің негізгі буыны болып табылады. Осы мақсатта СҚО бойынша ҚАЖД ЕС-164/3 мекемесі аумағында орналасқан «Еңбек-Қызылжар» филиалының №3 өндірістік учаскесінде өндірістік цехтар ұйымдастырылды.

Азат ҚАСЫМОВ,
СҚО

Тігін және аяқ киім цехтарының негізгі міндеті – қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің мұқтаждықтары үшін киім-кешек, төсек-орын жабдықтары, аяқ киім дайындау. Барлығы 16 сотталған, 12 тігінші және 4 етікші жұмылдырылған. Етік учаскесі наурыз айының соңында ашылды, онда жұмыс істеу үшін етік ісінде жұмыс істеу дағдысы бар сотталғандар іріктелді. Осындай қысқа мерзімде 200-ден астам аяқ киім дайындалды.

Төтенше жағдай режимін енгізу кезінде тігін цехының сотталғандары шетте қалмады, олар қорғаныс бетперделерін тігуге қатысты. Олардың көпшілігі бұған дейін тігін машинасымен жұмыс істеп көрмегендер болатын. Бетперделердің бір бөлігі қылмыстық-атқару жүйесінің,



әскери бөлімнің, СҚО Полиция департаментінің қызметкерлеріне берілді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің төтенше жағдай режимі кезінде қорғаныс маскаларын тігуге қатысатын сотталғандарға сыйақы беру туралы тапсырмасына сәйкес «Еңбек-Қызылжар» филиалы сыйақы берді.

Қазіргі уақытта тігін және аяқ киім цехтарының сотталғандары мата костюмдер мен сотталғандарға арналған аяқ киім дайындаумен айналысады. Дайын өнім Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.11.2014 жылғы №1255 қаулысымен бекітілген заттай нормаларға сәйкес облыс мекемелері бойынша сотталғандарға берілетін болады.

Объектілерді салуға жобалау

құжаттамасын сараптау үшін аттестатталған өрт қауіпсіздігі сарапшыларын енгізу туралы

Бизнеске әкімшілік қысымды төмендету және рұқсат беру жүйелерін оңтайландыру мақсатында мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары 2011 жылдан бастап объектілерді салуға жобалау құжаттамасын қарау және оны келісу функцияларын жүзеге асырмайды және салынып жатқан объектілерді тексерулерге қатыспайды.

Объектілерді өрттен қорғау жүйесін айқындайтын негізгі өрт қауіпсіздігі шаралары объектілерді жобалау сатысында қарастырылады және құрылыс сатысында іске асырылады, бұл жобалау және құрылыс сатыларында бақылау бойынша құзыретті болмауына байланысты қолданылатын шараларды практикалық тұрғыдан іске асыруды қамтамасыз етуге азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға мүмкіндік бермейді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жобаларды сараптауды жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдері бойынша аттестатталған эксперттер жүзеге асырады.

Сонымен қатар 2017-2019 жылдар аралығында объектілердің өртке қарсы жай-күйін тексерулерімізде 2016 жылдан бастап пайдалануға қабылданған тәуекел дәрежесі жоғары 373 объект (адамдар жаппай келетін объектілер) адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, өрт қауіпсіздігі талаптарын өрескел бұзып, пайдаланылуда. Осы объектілердегі бұзушылықтар жобалау

және құрылыс кезінде орын алған. Оның ішінде өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтармен орындалған 135 объект бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға оң сараптамалық қорытындылар берілген.

Осыған орай «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инженерингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 114 бұйрығына толықтырулар енгізу арқылы жобалау кезіндегі қабылданған іс-шаралардың қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін бағалау үшін өрт қауіпсіздігі жөніндегі сарапшыларды енгізуге бастамашылық етілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 114 бұйрығына Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 1 сәуір-

дегі № 175 бұйрығымен өрт қауіпсіздігі жөніндегі сарапшылардың дербес мамандануын бөлу және оларға қойылатын рұқсат талаптары бөлігінде толықтырулар енгізілді.

Өрт қауіпсіздігі бойынша қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманы сараптау жөніндегі сарапшы ретінде аттестаттауға жоғары кәсіби өрт-техникалық бейінді білімі және қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімін әзірлеу және (немесе) сараптау бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар немесе жоғары кәсіби өрт-техникалық бейінді білімі және өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясында кемінде жеті жыл жұмыс өтілі бар адамдар жіберілді.

Жоғарыда көрсетілген толықтырулар ағымдағы жылғы 28 сәуірде күшіне енгізілді, өрт қауіпсіздігі тұрғысынан ғимараттар мен құрылыстарды салуға жобалау құжаттамасын сараптауды енгізуді қамтамасыз етеді және еліміздегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің жай-күйіне оң ықпалын тигізеді.

ҚР ІІМ ТЖК
Зілзалалардың қауіп-қатерін азайту және азаматтық қорғау саласындағы бақылау басқармасы

«Менің атам нағыз батыр болған...»

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ = 75 ЖЫЛ (еске алу)

Әр адам үшін өмірінде өшпес із қалдырып, жүрегінің түкпірінен орын алған, бір қымбат та қимас жақын адамы болатыны анық.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан аталарымыздың қатары барған сайын азайып келеді. Олардың арасында өздерінің асқан қарапайымдылығына байланысты «Мен кешегі сұрапыл соғысқа қатысып, қан төктім, елімді жаудан қорғадым» деп бәлсініп кеудесін ұрмайтын, әлі күнге ел көзіне түспей елеусіз келе жатқан адамдар да кездеседі. Сондай өте қарапайым соғыс ардагерлерінің бірі, нағыз батыр, менің атам – Хамза Тоқсанбаев.

Атам 1904 жылы бұрынғы Қима ауданының Жарбекет ауылында дүниеге келген. Әкесі Тоқсанбай, атасы Қоржабай танымал, жылқылары түбекке сыймаған бай адамдар болған. Өкінішке орай, атам осыдан 22 жыл бұрын, 90-нан асқан шағында, 1996 жылдың 11 қазанында Терісаққан ауылында дүниеден өтті.

Атам жарқын мінезді, жомарт, елге сыйлы молда кісі болған. Біздің үйіміз мектепке қарама-қарсы және ауылдық моншаға баратын жолда болатын. Атам далаға шығып, моншаға өткен-кеткен кісілерді тақиясын бұлғап шақырып алып, міндетті түрде үйге кіргізіп шәй ішетініне шәй, етке қарайтынына анама қазан көтертіп, ет жегізбей жібермейтін. Сондағы бір де бір қабағын шытпай, бәрін күліп қарсы алатын анашым-ай! Анамды атам келін демей, өз қызындай жақсы көретін. Үйге келмейтін кісі болмайтын еді. Соның бәрі атамды құрмет тұтатын.

Анам атамның көзіндей көріп, қадірлеп сақтаған ескі құжаттарын ақтарып, оның майдан жолы туралы кейбір деректерді өсіме алып отырмын. Атам – Ұлы Отан соғысына қатысып, талай ерлік көрсеткен,

кеудесіне орден тағып қайтқан нағыз батыр. Соғысқа алғаш қатысқан күнінен бастап гвардиялық гаубица артиллериясында қызмет еткен.

Соғысқа дейін қатардағы еңбек адамы болған. Бұрынғы Қима ауданының Жарбекет ауылында механизатор болып жұмыс істеген. Бірақ әскер қатарына 1942 жылдың наурыз айында ғана шақырылыпты. Өйткені, ол кезде колхозда тракторшы деген өте қат мамандық болыпты. Сондықтан бір жыл бойы оны майданға шақырмапты. Соғыстан кейін туған ауылына қайтып келіп, өз мамандығы бойынша еңбекке кіріседі. 1948 жылы «Терісаққан» совхозына көшіп барып, онда да тракторшы болып жұмыс істеген. Бейбіт күнде қажырлы еңбек етіп, ел басына күн туған шақта етігімен су кешкен, бейбіт өмір үшін жанқиярлық ерлік көрсеткен атаммен қалай мақтансам да, артық болмас деймін.

Сонау сұрапыл соғыс аяқталғаннан бері 75 жыл уақыт өтті. Атам өзінің майданға алғаш рет қай жерде, қашан кіргенін де есіне алып айта бермейтін. Сақталып қалған бір құжаттан оның 1943 жылғы шілде айында Курск-Орловск доғасында неміс басқыншыларына қарсы шабуылға қатысқаны туралы деректі оқыдым. Ол алғаш рет ұрысқа дәл осы күні кірген болар деп жорамал жасадым.

Атамның әбден тозығы жетіп, жазулары өше бастаған «Қызыл әскер кітапшасы» сақталған болатын. Онда жорық жолынан мәлімет беретін 27 жазбасы бар екен. Бұл жазуларды үңіле оқи отырып, мен атамның 27 рет ұрысқа кіріп, 27 рет өліммен бетпе – бет келгеніне көз жеткіздім.


«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген ғой. Сол қырғын ұрыстардың бәрінен де аман шығып, еліне жеңіспен оралған. Оның ерлік ісінің куәсі ретінде Жоғарғы Бас қолбасшы И.В.Сталиннің атынан берілген екі бірдей алғыс хат сақталыпты. Атап айтқанда 1944 жылғы 18 шілдедегі бұйрықта Львов бағытындағы жау шебін бұзғаны үшін, 1944 жылғы 28 шілдедегі бұйрықта Сан өзенін кесіп өту және Ярославль мен Перемышив қалаларын алу кезіндегі ұрыста ерлік көрсеткені үшін, 1944 жылғы 18 тамыздағы бұйрықта Висла өзенін кесіп өтіп, Сандомир қаласын алу кезіндегі ұрыста ерлік көрсеткені үшін алғыс жарияланыпты. Бұл алғыстардың бәрі 1944 жылғы 26 тамызда берілген алғыс хатта тізулі тұр.

Атамның құжаттарын ақтара отырып, мен оның бұдан басқа да талай алғысқа ие болғанына көз жеткіздім. Сол алғыстарда жазылған сөздер атамның неміс Силезиясының Широтау, Нейштедтель, Грюнберг және Брандербург провинциясындағы Зорау және Зомерфельд қалаларын алу, Нейс өзенін кесіп өтіп, Германия астанасы – Берлинге оң жағынан шабуыл жасау кезінде ерлік көрсеткені туралы сыр шертеді. Бұл 1945 жылғы 1 мамырда болған екен. Бұдан кейін Берлиннің оңтүстік шығысына бекінген неміс әскерлерін талқандауға және Германия астанасы Берлинді алуға қатысқаны үшін алғыс алыпты.

Сөйтіп ол жеңімпаз Кеңес армиясының құрамында Жеңіс күнін Берлинде тойлайды. Осымен нүкте қойылмай, атамның жорық жолы одан әрі жалғасқан. Атам үшін соғыс 1945 жылғы 13 мамырда маңызды теміржол торабы және неміс Саксониясындағы қуатты бекініс болып

табылатын Дрезден қаласын алумен аяқталады.

Жоғарыда келтірілген деректер майданда атамның кім болғанын дәлелдеп тұр. Соғыс ойыншық емес, атам да оқ пен оттың арасында жүріп талай қияметті бастан кешті, жаралы да болды. Алайда ауылдан шыққан қарапайым қазақ сол қиындықтардың бәрін жеңіп, туған ауылына кеудесіне бірнеше медаль тағып, аман-есен оралды. Әсіресе «Берлинді алғаны үшін»,



«1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарын ерекше атауға болады.

Атам үшін «Қызыл жұлдыз» ордені өте ыстық болатын. Бұл орденмен ол 1945 жылы марапатталыпты. Әр түрлі себептерге байланысты осы орденнің куәлігі жоғалып қалса керек. Сондықтан оның бұл орденіне сенімсіздікпен қарайтындар да болыпты. Тіпті кей адамдар «Сен бұл орденді қартқа ұтып алдың» деген қауесет те таратыпты. Осындай өсекті естіген Терісаққан ауылының бір адамы істің анық-қанығын анықтау үшін ҚСРО Қорғаныс министрлігінің Орталық архивіне атамның атынан хат жазып, сұрау салыпты. Соған байланысты атамның атына мынандай жауап келіпті: «ҚСРО Қорғаныс министрлігінің «Қызыл жұлдыз» ордені

ді Орталық архиві. 1990 жылғы 8 ақпан №1199729: Наградталғандар есебінің картотекасында былай деп жазылған: «1904 жылы туған ефрейтор Тоқсанбаев Хамза Бірінші Украина майданының екінші гвардиялық гаубица артиллерия бригадасында қызмет етіп, екінші гаубица бригадасы командирінің 1945 жылғы 24 мамырдағы №018н бұйрығы бойынша 2506449 нөмірлі «Қызыл жұлдыз» орденімен наградталды.

Екінші гвардиялық гаубица артиллериясы 1943 жылғы 1 наурыздан бастап майдан армиясының құрамында болды. Архив мұражайының бастығы Кравец».

Міне, бұл орденнің осындай тарихы бар. Бұл тарих менің атам Хамза Тоқсанбаевтың Курск-Орловск доғасынан басталып, Берлинді алғаннан кейін 1945 жылдың мамырында жеңіспен аяқталған жорық жолын жарық жұлдыздай нұрландырып тұр.

Бүгінде атамның дүниеден өткеніне 24 жылға жуық уақыт өтті.

1993 жылы Терісаққан ауылында Қайыргелді Қазиевтің басшылығымен атам жақсы ағаш үй салынған болатын. Бұл жиналмалы ағаш үй ол жақтан бұзылып, 2010 жылы Атбасар қаласына әкелініп, қайта тұрғызылды.

Жыл сайын 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнін қаламыздың Жеңіс саябағында қарсы аламын. «День Победы» әні шырқалған кезде атамның бейнесі көз алдыма келіп, көңілім қобалжып, көзіме жас аламын. Қандай ұлы ерлік, қандай батырлық!

Осы Ұлы Жеңістің 75 жылдық қарсаңында атамды үлкен сағыныспен есімізге алып, «Топырағың торқа болып, қабыршаң нұрға толсын, жаның жәннәтта болсын!» дейміз! Ата, сенің ерлігің – біз үшін, артыңда қалған ұрпағың үшін үлкен өнеге! Біз сені мақтан тұтамыз! Сен біздің мәңгі біздің жадымыздасың, Ата!

Гүлжанат СӘТБЕКҚЫЗЫ, Атбасар қаласының тұрғыны

Абыз ардагер

ІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшылығы, жеке құрамы мен курсанттары жыл сайын дәстүрлі түрде Жеңіс күні қарсаңында Ұлы Отан соғысының ардагерлерін құттықтап, мерекелік іс-шаралар мен кездесулер ұйымдастырады.

Орынбасар УАҚПАЕВА, Қостанай облысы

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы мерекесі қарсаңында академия бастығының орынбасары, полиция полковнигі Е.Қаппасов, ардагерлер кеңесінің төрайымы Б.Мұқажанова, кадр саясаты бөлімінің бастығы, әрі идеологиялық жұмыс бөлімшесінің

ауданының Талдықөл ауылында дүниеге келген. Әскерге Жітіқара аудандық әскери комиссариаттан шақырылған. Ол кезде 18 жасқа енді ғана аяқ басқан кезі еді. Оны Златоуст маңындағы пулеметшілер училищесіне жібереді. Аталған училищеді оқып жүргенде әуе десанттық әскеріне іріктеліп, жаз ортасында әуе десанттық әскеріне

шютпен секіріп, түрлі жаттығулар жасап дайындалған. Содан кейін 1944 жылдың аяғында Украина, Белоруссия арқылы Венгрияның Сальнок қаласына тоқтап, майданға алғы шепке даярланған. Будапешт қаласын жаяу өтіп, Балатон көлінде қорғаныста тұрған жау әскеріне бірінші болып тұтқиылдан шабуыл жасап, бүкіл Венгрияны жаудан азат еткен. 1944 жылдың аяғынан бастап 1945 жылдың басына дейін соғыста алдыңғы шепте болған. Осылайша сәуір айының 16-шы жұлдызында Австрияның



күні бізге «Жеңіс! Біз фашистерді жеңдік!» деген хабар келіп жетті, – деп еске алады.

Осылайша Қасымхан Алдабергенов 1943-1945 жылдар аралығында соғыста болған. 1946 жылдың қаңтарында Ресейге оралған. Ресейдің Кострома қаласында 1950 жылдың сәуір айына дейін тұрған. Осы кезде әуеде парашютпен секіріп, түрлі жаттығулар жасап, әскери дайындықтан өткен. Көп ұзамай, яғни 1950 жылдың сәуір айында елге оралады.

Әскери атағы – гвардия старшинасы. ИЛ-12 самолетінен 100 рет парашютпен секірген. 2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған.

Туған жеріне оралғаннан кейін мектепте 15 жыл бойы ұстаздық еткен. 1971 жылдың тамыз айында облыстық «Коммунизм таңы» (бүгінде «Қостанай таңы») газетіне қызметке шақырылады.

Бүгінгі таңда Ұлы Отан соғысының ардагері Қасымхан Алдабергенов жүрегінен шыққан толғанысын жыр мен мақалаға арқау етіп, домбыра шерткенді жаны қалайды. Ол 1959-1979 жылдар аралығында алты рет облыстық ақындар айтысына қатысқан. 1980 жылы облыстың атынан Алматы қаласында өткізілген республикалық ақындар айтысына қатысқан. 1985 жылы зейнеткерлікке шыққанымен, 1993 жылға дейін белсенді қызмет атқарған.

Қасымхан Алдабергенов өзінің кітабын да шығарған. Биыл Ұлы Отан соғысының ардагері 96 жасқа толады.

Ұлы Отан соғысының құрметті ардагері Қасымхан Алдабергеновтың келе жатқан Ұлы Жеңістің 75 жылдығымен құттықтап, оған зор денсаулық, мол бақыт, ашық аспан, отбасына амандық, жақымас қайрат, шығармашылық табыс тілеймін.



бастығы, полиция майоры Т.Баймағанов Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің үйіне барып сый-құрмет көрсетіп, құттықтады. Бүгін сондай абыздарымыздың бірі – ҮОС ардагері Қасымхан Алдабергеновтың Алдабергенов туралы сыр шертіп келеді.

Қасымхан Алдабергенов 1925 жылы Қостанай облысы Қамысты

қабылданады. Олар 14-гвардия әуе десант бригадасын құрып, бригада командирі, гвардия полковнигі Юнатовтың басқаруымен Владимир қаласының Киржач селосы жанындағы өзеннің жағасына орналасады. Бір жарым жыл осы жерде әскери дайындық үстінде болған. Әскери дайындықта пара-

орталығы Вена қаласын жаулардан азат етіп, 1 – мамыр күнін Вена қаласында атап өткен. Содан кейін Чехословакияға бет түзеген.

«Чехословакияның адамдары екі жақта тұрып, біздің әскерлерге «Наздар!» деп айқайлайтын, бұл «Да здравствует!» деген мағынаны білдіретін. Осы жылдың 9 мамыры



АЙҒАЙҚҰМ

Алтынмелдегі осы құмды төбеге қашан, қай уақытта келсеңіз де, ондағы өзгермейтін бір нәрсені көріп таңданасыз. Таңғаласыз.

Ол – бұл жерде қаншалықты боран соғып, дауыл тұрса да, мұндағы тау болып үйілген құмның жан-жаққа шашырап кетпей, жинақы жататындығы. Содан соң ауа райының жел, құйын сияқты қандай да бір әсері болмасын, жота үстіндегі ұзыннан ұзақ созылған пышақ қырындай жалдың өз болмыс-бітімін ешқашан жоғалтпайтындығы. Ал осындағы елгезерден өткізгендей етіп табиғат-ананың сұрыптаған біркелкі құм түйіршіктері ше? Алтындай жарқыраған соның күдіреті шығар, сөз етіп отырған төбеге шығып, етекке қайта түскендегі адам ізі сәлден соң жоқ болады. Сөйтіп Айғайқұм бұрынғы момақан, тылсым, жұмбақ күйіне қайта оралады.

...Бұл жолы да ол бізді осындай келбет-көрінісімен қарсы алды. Ұзындығы 2020, ені 551, биіктігі 182 метрлік құмды жота өзі орналасқан аңғардағы тақырда оқшау тұр. Төңірегінде шашау шыққан ештеңе жоқ. Қыздың жиған жүгіндей жинақы. Таза.

– Бұл құмды төбенің гүрілдеп, дүрілдейтіні қайда? Жотаның ән салып, дыбыс шығарады дегені не сөз? – деді жүргізуші жігітіміз Думан Мұхамеджанов.

– Ол үшін мына қырдың күн-гей бетіне көтерілу керек. Содан соң бері қарай жүргенде не болатынын өзің көресің, – дедім мен оған 1984 және 2004 жылдардағы өз басымнан өткерген оқиғаны есіме алып.

Бұған онша түсінбеген серігім артына жалтақ-жалтақ қарап қойып, Айғайқұмның орта тұсындағы текшеге қарай бет алды. 80-90 метр өрлеп барған соң сәл демалып, төменге түсуге ыңғайланды. Сол кезде, яғни етекке қарай 5-6 адым аттағанда, аңғарды

жаңғырықтырған гуіл басталды дейсіз. Бір қызығы, оқыс шыққан үннен секем алған Думан беткейде сәл-пәл кідіріс жасап еді, дыбыс та тоқтай қалды. Қозғала бергенде гүрілдеп, дүрілдеген дауыс қайта пайда болды.

гуілдейтінін ешқайсысы түсіндіре алмайды. Меніңше, бұл былай. Құм төбелердің қай-қайсысының да төменгі қабаттары дымқылданып жатады. Мұндай ылғал, тіпті онша тереңде де болмайды. Көктемгі жауындардан кейін және күздігүні



– Бұл не жұмбақ? – деді етекке түсіп, есін жиған серігім.

– Мұның сыры неде деп ойлайсыз?

Мен оған жауап ретінде П.И.Мариковский деген ғалым-ның болжамын айттым. Өмір бойы Алматыда тұрып, Жетісу жерін талмай зерттеген биология ғылымдарының докторы Павел Иустинович Айғайқұмдағы құпия дыбыс-тар туралы кезінде былай деген болатын. «Бұл жотаның дыбыс шығару себептері жөнінде көптеген жорамалдар бар. Солардың дені боранды, дауылды күндері құм қозғалғанда, одан сықырлаған үн шықпай қоймайды дегенге саяды. Бірақ жай кездің өзінде шағылға аяқ басқан адам мен жан-жануарлар қимылы әсерінен оның неге

әлгі қабаттар жоғарыдағы құрғақ құммен араласады. Бұл жағдайда құм төбеден ешқандай үн шықпайды. Жаздыгүні ыстықта құмның үстіңгі қабаттары әбден кеуіп, төменгі дымқыл қабаттан бөлінгендей болады. Мұның өзі жоғарғы қабаттардағы ауаның алмасуы себепті ылғал қабаттардың неғұрлым төмен түсуіне әкеп соғады. Құмның үсті түгел дерлік кепті дегеннің өзінде төменде, бәрібір ылғал қабат жатады. Бұл ретте құмның бет жағы әбден құрғап, астыңғы қабаты біршама дымқылдануы, оның арғы жағында тағы да құрғақ құм желісі жатуы мүмкін. Құм төбелердің үстіңгі қабаты төмен қарай сусығанда оның төменгі қабаттарынан озып кетеді де, бұлардың бір-бірімен үйкелісуі онша қатты

болмайды. Сол себепті мұндай құмның үсті бұйра толқынданып жатады. Осы жағдайларда құмның біршама төмен жатқан бөлігі сыртқа шығып қалады. Оның үстімен жылжыған құм музыка аспабына қол тигендей, діріл шығарады. Бұл үн кең көлемде таралып күшейе келеді де, біз сөз етіп отырған төбе жаппай гуілдегендей болады».

Профессор П.И.Мариковский осылай десе, Санкт-Петербург ғалымдары Я.Рыжко мен Б.Русинов құмның сансыз көп түйірлерінің бір-біріне үйкелуінен дыбыс шығады деп есептейді. Себебі құм түйірлерінің сыртында кальций мен магний қосындыларының жұқа қабаты бар. Солардан шыққан үн скрипка ішегін үйкеген ысқы секілді дыбыс тудыратын сияқты. Сондай-ақ олар құмнан үн шығудың тағы бір себебі, құм түйірлерінің аралығындағы ауаның қимыл-қозғалысына байланысты деп пайымдайды. Жотадан құм сырғығанда оның ұсақ түйірлері арасындағы саңылаулар кейде азайып, кейде көбейеді екен. Ауа осы саңылауға бірде кіріп, бірде шығып жатады. Дыбыстың дірілдеп естілу сыры міне, осыдан деп ұғу керек. Бұл зерттеушілер пікірінде тағы мынадай түсінік бар. Құмның электрленуінен де дыбыс пайда болады екен. Үн шығаратын

дағы баяндалатын оқиғалардың бірінде кен іздеушілер Орталық Америкадағы далалы аймаққа жеткенде, олардың табанындағы құмның неше түрлі әнге басатыны жөнінде айтылатын. Одан секем алған адамдар жүрістерін тоқтата қойған кезде, төңіректің құлаққа ұрған танадай тынши қалғанына куә болған. Жүргіншілер қайта қозғалғанда, құм тағы да әндете жөнелген.

Жазушы бұл детальды әдеби тұрғыда суреттегенімен, оны ойдан алып отырмағаны анық. Оған өзіміз жаңа ғана жанында болған Айғайқұм, ондағы текшеге көтеріліп, одан төмен түскен серігіміздің қимыл-қозғалысынан туған гуіл анық дәлел. Құдды Джек Лондон шығармасындағы сюжеттің көшірмесі дерсің. Көлік ішінде осыны еске алған біз: «Мұндай құбылысқа байланысты интернет не дейді екен?» – деп іштей күбірлеген күйі ноутбукке үңілдік. Сөйтсек, әлем картасында жоға-рыдағы жағдайға ұқсас 3-4 жұмбақ құм төбелер бар болып шықты. Олар: Ауғанстандағы Рек-Раван деп аталатын «дірілдеуік қырат», Таяу Шығыстың Синай түбегіндегі Джебель-Накунгтегі «дабыл жотасы» және Чилидің Копиано аңғарындағы Эль-Бармадор атты «құлитын шоқы». Осылардың бәріне

күм таудың ұсақ тас түйірлері бір-бірімен үйкелісу салдарынан әр текті электр зарядтарын тудырады. Сөйтіп бір-бірімен серпіліп қосылып, тағы да серпіліп, қосылу әсерінен дыбыс шығып отырады.

– Міне, өзің қасында тұрған Айғайқұм жөнінде ғалымдар осындай пайымдаулар айтады, – дедім мен Думанға.

...Көлікке отырып, Бесшатырды басып өтетін Іле жағалауына беттеп келе жатқанда ойымызға: «Айғайқұмнан шығатын әр түрлі дыбыстар... Мұндай құбылыс тек осы жерге ғана тән бе, жоқ ол әлемнің басқа түкпірлеріндегі шөлдерде де бар ма?» – деген сауал оралды. Бала күнімізде атақты жазушы Джек Лондонның «Үш жүрек» атты романын оқығанымыз бар еді. Сон-

тән ортақ белгі, бұл – құмды жоталардағы гуілдердің жел мен боран әсері, адам және жан-жануарлар қимылынан кейін ғана туып, ал басқа уақытта тым-тырыс жататындығы.

Жер бетіндегі құм төбелер... Олардан шыққан әр түрлі үн мен дыбыстар... Қалай болғанда да, бұл – өте қызық құбылыс. Осы ғажайыптың дүние жүзіндегі жоғарыда айтқан санаулы елдерден басқа өз ата-мекенімізде, туған еліміз – Қазақ жерінде тұрғаны бізді таңғалдырмай қоймайды. Содан да болар, табиғаттың осы қайталанбас құпиясына деген ынтызарлығың артып: «Бұл – Тәңірдің бізге тартқан сыйы», деп қуанып, мақтанасың. «Тәубе!» – дейсің.

Жанболат АУПБАЕВ
«Егемен Қазақстан»

СТРЕССТІ ҚАЛАЙ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ?

Көптеген адамдар жоғарғы талапты өздеріне аударады. Аз уақыттың ішінде көптеген нәрсеге үлгерушілік – стресстің бірден бір себебі.

Егер адам әрқашан берілген уақытта көптеген жұмыстарды істеуге асықса, дәрігерлер мұндай жағдайды асығыстық ауруы деп есептейді. Эмоционалды стресс – мұндай өмірдің бір бейнесі.

Өмірдің ағымын жеңілдету үшін адамдарға жеңіл әдістердің бірі:

• Бір уақытта бірнеше жұмысты емес, бір ғана жұмысты істеуге тыры-

сыңыз (мысалға, тамақ ішіп отырғанда газет оқымаңыз, телефонмен сөйлесіп отырып, құжаттар қарамаңыз);

• Баяу сөйлеуге тырысыңыз;

• Қоршаған адамдармен мейірімді болыңыз, күліңіз, қанша кешігіп және асығып бара жатсаңыз да;

• Егер сіз машина жүргізіп келе жатсаңыз, жылдам жүргізуге тырыспаңыз;

• Кезек күткенде сабырлы болуға үйреніңіз;

• Искерлік кездесуді жоспарлағанда, олардың арасында 15 минут үзіліс болсын, сіздің миыңыз және денеңіз демалуды қажет етеді;

• Сіздің күн режиміңізде демалатын уақытыңыз болу керек;

• «Раушан иіскеуге» уақыт табыңыз, яғни өмірдің кішігірім қуанышына бөленіңіз.

«Қызықты психология» журналынан



<p>ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС</p> <p>Бас директор Махаббат СӘДУАҚАСОВА</p>	<p>РЕДАКЦИЯ: Бас редактор Тоқнияз КҮЧУКОВ Бас редактор орынбасарының м.а.: Гүлсім БЕГТМОВА Тілші: Жаная ҚАМБАР</p>	<p>Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді</p> <ul style="list-style-type: none"> • Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді • Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды • Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес • Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді • Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді • Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады 	<p>Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Индекс: 65395 Таралымы: 9 043 Тапсырыс: № 517</p>	<p>«Алматы – Болашақ» АҚ Алматы қаласы, Алматы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В тел: 8777-163-12-39 Газет айына 8 рет шығады.</p>	<p>БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР: ИИК – KZ74856000000147459 БИК – KСJBKZKX БИН – 051040005963 КБЕ-16 «БанкЦентрКредит» АҚФ РНН 600900114533</p>	<p>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А. Телефон: 8 (7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110 www.mediaovd.kz Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz</p>
Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: Қайсар ЗАКИРАЕВ			Корректор: Айша ӨТЕБӨЛІ	Фототілшілер: Медет ӘШІРБЕКОВ, Қуанышбек ДҮЙСЕНБЕКОВ	Нөмірдің кезекшісі: Гүлсім БЕГТМОВА	